

Мектептің тәрбиелік «Б» сыныбынан тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Бекітетін:

Оқу ісі жөніндегі өршілбасары:  Абдиқаледова А.Ж

Сынып жетекшісі: М.М.Маммұт

Білім беру ұйымы: М. Жұмабаев атындағы ЖББӨМ

Мектепалды даярлық О «Б» сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: III-апта, 12-16.09 қыркүйек, 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларты қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жағлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиенің толық аты-жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың ертеңгілік жаттығуға үлгергін алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың ертеңгілік жаттығуға үлгергін алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалыңда сөзсіз қабылдап жақсы көретінін білдіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысын жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысын жеуге үйретулерін ескерту.
Балалардың дербес әрекеті (ат қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзінді көрсетіп, жалпы түсінік беру. Дидактикалық ойын: "Атын атап бер" Мақсаты: көктем гүлдері туралы білімдерін бекіту. Табиғат бұрышында еңбек ету.	Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымьранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. «Суреттерді құрастыр» Апта тақырыбы бойынша суреттерді	Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымьранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. «Суреттерді құрастыр» Апта тақырыбы бойынша суреттерді	Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзінді көрсетіп, жалпы түсінік беру. Дидактикалық ойын: "Атын атап бер" Мақсаты: көктем гүлдері туралы	Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымьранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. «Суреттерді құрастыр» Апта тақырыбы бойынша суреттерді

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Мнемосхемамен «Көліктер» К. Бисекееваның тақпағын жаттау. Көліктер бар сан түрлі, Суда, жерде, көкте де. Дөңгелекті машина, Қажет бізге көліктер Ұшақ, пойыз, кеме де.</p>	<p>«Көңілдімін» Тоқтамай зуылдаймын зырн-зырн, Көлікпін дуылдаймын дырн-дырн. Жүремін, айналамын бырн-бырн, Әрқашан көңілдімін сырн-сырн</p>	<p>«Зу-зу етіп көшеде» Зу-зу етіп көшеде, Күн-түн тыным таппайды. Төрт дөңгелек дөңгелер, Төрт аяқпен шаппайды.</p>	<p>«Көлік жүйрік шықты алға» Түрі, түсі, атауын, Оңай емес жаттауға. Қазіргінің тұлпары, Көлік жүйрік шықты алға.</p>	<p>«Бип-бип-бип дейді» Бип-бип-бип дейді Жол шетіне шық дейді Күшікті басуға болмайды машина, Бип-бип-бип дейді Жол шетінен күт дейді Көшеде асығып жүруге болмайды машина Бип-бип-бип дейді.</p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</p>				
<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің досым» Мақсаты: - Жалпылама сөздерді дидактикалық ойын барысында түсіндіріп, үйрету.</p> <p>Үнтаспадан Б.Самединеваның орындауында «Достар, достар» әні тыңдатылады Педагог балаларға «Адал дос» деген әңгіме оқып береді Міне, балалар, мақал-мәтелдердің өзінде досқа деген сенім жайлы айтылған. Достыққа адал адам, сертіне де адал болады. Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата».</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: « Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз?» Мақсаты: - Сөздің дыбыстан құралатынын түсіндіру</p> <p>Педагог балаларға ыммен «отырындар», «сөйлемендер», «тынышталындар», – деп белгі береді. Ыммен – сөйлемей ишарамен түсіндіру</p> <p>– Міне, балалар, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру қандай қиын, ал біз бәріміз өз ойымызды сөз арқылы айта аламыз. – Балалар, қазір мен бір сөз айтамын. Мысалы: «сиыр», енді сендер бір сөзден айтындар. Ал шатасып кетпес үшін мына стақанға әр сөз айтылған соң бір қарындаштан салып отырайық. Мен «сиыр» сөзін</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Дауысты дыбыстар» Мақсаты: -А дыбысы қандай сөздерде болатынын суреттер көрсету арқылы түсіндіру, А дыбысын хормен айтқызу</p> <p>-Балалар өткен тақырыпты естеріңе түсіндіріңдерші? – Не жайлы айттық? Педагог: Дыбыс айтылуына қарай әртүрлі болып естіледі. Дидактикалық ойын: «Ненің</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Жуан дауысты дыбыстар» Мақсаты: дауысы дыбыстар жуан, жіңішке болатынын айтып түсіндіру</p> <p>«Кім көп біледі?» ойынын ойнату. Ойлаған сөздеріңді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету)</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шаруа мен аю» Мақсаты: - Ертегіні баяндауда сюжеттік бірлікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету</p> <p>Ертегі қалай аталады? Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті? Шаруаға не келді? Аю шаруаны қалай қорқытты? Олар неге келісті? Шаруа не екті? Аюға қай жағын берді? Келесі жылы шаруа не екті? Аю нені білмеді? Ертегі желісі бойынша іс-әрекетті қимылмен қайталау. Шаруа бірінші не екті?</p>	

	<p>Ойын шарты: педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасын айтады. Мысалы: әке, ана , аға,тәте – отбасы. Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ... Қасқыр, түлкі, жолбарыс – ... Қызыл, сары, жасыл, көк –</p>	<p>айттым, бір қарындаш салайын. Тағы да кім сөз айтады? Ең соңында қарындаштарды санап, педагог қорытынды жасайды. – Міне, біз қандай көп сөз білеміз, айта берсек әлі де көп. – Сендер байқадыңдар ма, кейбір сөз ұзақ дыбысталса, енді бір сөз қысқа дыбысталады. Сол себепті сөздер ұзын және қысқа болады. Мына екі сөзді тыңдаңдар: үй және кітапхана. Осы сөздердің қайсысы ұзақ, ал қайсысы қысқа айтылады? – Біз ол сөзді өлшеп көрсетейік: 2 қолдың алақандарын біріктіріңдер. Сөзді дыбыстай бастаған кезде алақандарыңды аша бастайсыңдар. Ал дыбыстап болысымен, сол сәтте тоқтай қалыңдар (Бұл жаттығу 2–3 баламен жекелеп жүргізіледі, 6–8 сөз айтылады).</p>	<p>дыбысы?» Ойын шарты: Педагог ұнтаспадан әртүрлі көлік түрлерінің табиғат құбылыстарының, жан-жануар, жәндіктердің дыбыстарын естіртеді. Балалар ненің дыбысы екенін табу керек</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты: доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Күн мен түнді» ажырат. Ойын шарты: Педагог қай сөзде «Т» дыбыс бар Күндіз аспанда не бар болатынын, түнде аспанда не бар болатынын түсіндіреді. Сурет қималарымен ажыратып көрсетеді</p>	<p>Қалай екті? (<i>Қимылмен көрсетеді</i>) - Аю қалай келді? (<i>Қимылмен көрсетеді</i>) - Келесі жылы шаруа не екті? Бидайы қалай өсті? (<i>Қимылмен көрсетеді</i>) Шаруа қызылшаны қалай жинады? (<i>Қимылмен көрсетеді</i>) Ертегідегі <i>шаруа, соқа, орман маңы</i> сөздерінің мағынасын қайталау.</p>
--	--	---	--	---	---

Үзіліс

Дидактикалық ойын: «Даусынан таны»
Шарты: Балалар көлік түрлерін дауысына қарай ажыратып, аттарын атап карточкаларын орнына апарып салады.
Дыбыстық жаттығу
 Дан-дан-дан-манадан,
 Дан-дан-дан-шанадан,
 Ем-ем-ем – мінгізем.
 Ем-ем-ем – жүргізем.



Ойын: «Қандай белгі екенін тап?»
Мақсаты: Жол белгілерін ажырата білуге, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту; күнделікті өмірде алған білімін өз бетінше қолдана алуға тәрбиелеу.
Қолданатын көрнекіліктер: Сақтандыру, тыйым салу, көрсеткіш және қызмет көрсету: жол белгілері желімденген текшелер.
Ойын шарты:
1-ші нұсқа. Жетекші текшелер жатқан үстелге кезекпен шақырады. Бала текшені алып, белгіні атап, сондай сияқты белгілері бар балаларға барады.
2-ші нұсқа. Жүргізуші белгі көрсетеді. Балалар осы белгіні өздерінің текшелерінде табады, көрсетеді және оның не білдіретінін айтады.
3-нұсқа. Ойыншыларға текшелер таратады. Балалар оны мұқият зерттейді. Әрі қарай әр бала өзінің белгісі туралы атын атамай айтып береді, қалғандары оны шешу керек.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды.» Мақсаты: - Мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру, жетілдіру «Қандай мамандық иесі?» ойыны. Балалар бұл сөздерді қандай мамандық иесі</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: «Заттардың ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру» Мақсаты: - Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу Анамызға себеттегі заттарды топтарға бөлуге көмектесейік.</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: «1 және 2 сандары» Мақсаты: - бір және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу; 1 және 2 сандарын санату Сикырлы паровозбен саяхат жасауды ұсынады. («Паровоз және вагондар» кестесі). Суретте неше паровоз бар? (Біреу). Вагондарға ондағы терезе санына сәйкес әртүрлі ертегілердің</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: «1 және 2 сандары» Мақсаты:- заттарды санай алуға;сандардың айтылу реттілігін үйрету. Заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Нан қайдан келеді?» Мақсаты: - Балалардың нанның дастарқанға келу жолы туралы түсініктерін жетілдіру. Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың еңбегіне құрметпен қарауға үйрету «Тұқым» ойыны: педагог музыка қосады, балаларға өздерін жерге себілген кішкентай тұқым ретінде сезінуді ұсынады.</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Нан қайдан келеді?» Мақсаты: - Балалардың нанның дастарқанға келу жолы туралы түсініктерін жетілдіру. Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың еңбегіне құрметпен қарауға үйрету «Тұқым» ойыны: педагог музыка қосады, балаларға өздерін жерге себілген кішкентай тұқым ретінде сезінуді ұсынады.</p>
---	---	---	--	---	---

	<p>айтуы мүмкін екенін анықтайды Сіздің кекіліңізді қысқа қию керек пе?... (шаштараз) Балалар, кітаптың бетін ашындар ... (мұғалім) Рульді оңға бұрайын... (жүргізуші) Сурет салуға қылқаламдар дайындадым...(суретші) Сізге емделу үшін дәрілер жазып берейін... (дәрігер) Қанша килограмм кәмпит өлшейін?...(сатушы) Сізге қандай көйлек тігу керек?.. (тігінші) Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың бір мамандықты таңдайсыңдар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашақ мамандық қандай болуы мүмкін? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралы әңгімелеп, қиялыңдағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі</p>	<p>Барлығымыз бірге орындаймыз. Сендер қандай нұсқаларды ұсынасыңдар? Балаларға жиындарды кіші топтарға бөлуге көмектеседі: көгөністер, жемістер, тәттілер, қарбыз. Бізде қанша жеміс бар? Олардың көп немесе бірнеше екенін айта аламыз ба? Қанша көгөніс (тәттілер) бар? Топтық жұмыс жүргізу Көгөністерге, жемістерге, тәттілерге бөлуді ұсынады. Заттар тобын бір сөзбен атайды Көгөністерге, жемістерге, тәттілерге бөлуді ұсынады. Заттар тобын бір сөзбен атайды . Саны бойынша салыстырады: жемістер көп, ал қарбыз біреу.</p>	<p>кейіпкерлері отырғызылады (педагогтің қалауы бойынша іріктеледі). Педагог тақтаға бір паровоз бен бірнеше вагонды (3-тен 5-ке дейін) бекітеді. Ойынға қосылады. Әрбір вагонда 2 кейіпкерден болуы мүмкін екенін айқындайды. Оларды іріктеп отырғызады Паровозға неше вагон тіркедік? Әрқайсысын көрсете отырып, балалармен бірге дауыстап санайды. Одан кейін ұсынады: Терезелерді санаймыз: бір, екі. Келесі вагонда: бір, екі және т.с.с. Вагондардың әрқайсысында 2 терезе немесе терезелер жұбы бар</p>	<p>Екі-екіден көрсетілген заттарды іздейік. Сендерде неше қол, аяқ, көз және құлақ бар? «Екі» сөзінің «жұп» дегенді білдіретінімен таныстырады. Қолғаптар жұбы, шұлықтар жұбы. Бір-бірден көрсетілген заттарды атаңдар Не туралы бір деп айтуға болады? Не туралы екі (немесе жұп) деп айтуға болады? Д/ ойын «Жұбын тап»</p>	<p>Кішкентай тұқым қараңғы, ызғар, жұмсақ жерде жатыр. Күн бойын жылытқандай болды, жаңбыр жауды. Содан соң тұқым ісініп, жарылды. Ішінен құлақтанып кішкентай өскін шықты (балалар қолдарын жоғары көтереді). Сабақ жерді жарып шығып, күнге қарай талпынып өсе бастады(балалар орындарынан тұрады). Жел ары-бері шайқады. Сонда да өсе берді. Біраз уақыт өтіп, ол сабаққа айналды. Қара бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Қара бидай сабағы). Бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Бидай сабағы) Сұлы тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Сұлы.) Сабақтың өсіп, дамуына не қажет? (Күн, жаңбыр және адам қолдары.) «Тағы кім?» ойынан ойнауға шақырады.Тізбекті әрі қарай жалғастырады: наубайшы нан пісіреді, тағы кім пісіреді? (Ана, әже, әпке).</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>туралы ойларын ортаға салады.</p>	<p>Көгөністер көп, ал қарбыз біреу Ұсақ қол моторикасына арналған сергіту сәті 1.«Қоян» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын шошайтады. «Қоян» құлақтарын созып тұр. 2.«Сақина» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін бас бармағы мен сұқ саусағын түзетіп, бір-бірімен түйістіреді. 3.«Саусақтардың амандасуы» – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарама-қарсы ұстайды</p>			
<p>Үзіліс</p>					

Сюжетті - рөлді ойын:

«Кім үздік жүргінші?»

Мақсаты: Жол жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту. (бағдаршамның берген белгісі, жүргінші жол) белсенділігін, назарын тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: 1,2,3,4,5,6 сандармен текшелер және 2 фишка. Ойын алаңы.

Ойын барысы:

Бірінші жүргінші №1 үйден, екінші №2 үйден шығады.

Текшелерді өздерінің сандары шыққанша лақтыра береді, және қайтадан лақтырады. Сонымен бір түрлі-түсті суреттерге мұқият қарау керек.

Бірінші суретте бағдаршамның қызыл шамы жанып тұр. Демек, жүргінші бағдаршамнан тұрған дөңгелекке секіре алмайды. Ол орнында тұра береді. Екінші суретте көлік. Жолды

Саусақ ойындары

Ойын: «Қозылар»

Мақсаты: саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.

Тіл дамыту жаттығуы

Мына қозы күні бойы құйрығын бұлғандатты, Ал мына қозы арқасын қоршауға сүйкеді, Мә-мә-мә-мә-мә-мә-мә, Қозыларды мен жақсы көрем, Мына қозы аяқтарымен жерді қопарды, Қопарды да өзі сурет салды, Мә -мә -мә -мә -мә -мә -мә, Қозыларды мен жақсы көрем, Мына қозы ортаға тұрам деп, Бүкіл ағаларын итеріп тастады.



Саусақ ойыны: «Құрттар»

Мақсаты: Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді.

Тіл дамыту жаттығуы


1,2,3,4,5

Құрттар серуенге жүрді, Бір уақытта қарға алдарынан шықты,

Басын шайқап иіле ,

-Менің түскі асым- деп,

Енді қараса құрттар жоқ.



Психологиялық ойын:

Ойын: «Сәлемдесу»

жаттығуы.

Мақсаты: Бір-бірімен

кездескенде амандасу

мәдениетіне тәрбиелеу,

жылдамдыққа баулу.

Ойын шарты:

Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз,

қимылды тез жасауларың керек.

«Бастаймыз» деген белгі берілгенде,

мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда

сендер бір-бірлеріңмен тез-тез амандасасыңдар.

Әр адаммен әртүрлі амандасасыңдар.

Сонымен, көзбен...

қолмен...

иықпен...

құлақпен...

тіземен... иекпен... өкшемен...

арқамен.

Аз қимылды ойын:

Ойын: «Кеме»

Мақсаты: Адамдардың әр түрлі мамандықтары туралы балалардың білімдерін жетілдіру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.

Қажетті

атрибуттар: ағаштан жасалынған кеменің макеті, руль, капитанның қалпағы, балықтар.


Ойын шарты: Балалар өз қалаулары бойынша капитан мен кеме жүргізушіні тағайындайды, содан кейін әрқайсысы өз орындарына отырады.

Капитан өзінің жүргізушісіне оңға бұр, солға бұр, тура жүр,- деп басқарып отырады.

Кемемен серуенге шыққанда теңізшілердің еңбегі, балықтардың түрлері жайында мағлұмат беріледі. Саяхат көңілді болу үшін ән айтады.

Бұл ойын балаларды ұйымдасқан түрде ойнай білуге баулиды.

кесіп өтуге болмайды, орнында тұру керек. Үшінші суретте бағдаршамның жасыл шамы жанып тұр. Текшені текшенің санына байланысты дөнгелектерге жылжытуға болады. Төртінші суретте мотоциклшы. Оны тоқтап, өткізу керек. Алтыншы суретте бағдаршамның сары шамы жанып тұр. Жүргінші сол суреттің бойында тоқтай алады. Жетінші суретте реттеуші онымен қауіпсіз, бірден әженің үйіне баруға болады. Кім жол ережесін бұзбай әжесіне келсе сол жеңіске жетеді.



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қазақ тілі
Тақырыбы: «Біз мектепте не істейміз?»

Қазақ тілі
Тақырыбы: «Мектеп қызметкерлер»

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Менің досым»

Көркем әдебиет
Тақырыбы: «Шаруа мен аю» (орыс халық ертегісі)

Шығармашылық бейнелеу әрекеті
Тақырыбы: «Тостаған» (Акварель бояу)

	<p>Мақсаты: -мектепке неүшін баратынын әңгімелеп айтып беру</p> <p>Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды. Мектеп ... (әдемі, жарық, таза). Таңертең жаттығу ... (жасаймыз). Музыка залында ... (ән айтамыз, би билейміз). Серуенге шығып ... (ойнаймыз, демаламыз).</p>	<p>Мақсаты: - мамандық иелерін құрметтеуге баулу</p> <p>Дидактикалық ойын: «Тында, көрсет, қайтала». Балаларға мектеп қызметкерлерінің суретін көрсету. – Бұл кім? – Бұл – тәрбиеші. – Аты кім? -Айман Төлеутайқызы. \ – Дұрыс Осылайша істейтін музыка жетекшісі, жаттықтырушы және аспаздың аты-жөндері айтады.</p>	<p>Мақсаты: - Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту. Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту</p> <p>-Балалар, «Дос» деген сөз жай айтыла салмаған сөз екен. Дос болудың да үлкен жауапкершілігі бар екенін түсінулерің қажет. Досыңа адал болсаң, досың саған да адал болады.</p> <p>-Досыңа қандай сыйлық бересің суретін сал</p>	<p>Мақсаты: - Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыстіршілігі арқылы еңбекке баулу</p> <p>Балпаң-балпаң басады, Қыр-жотадан асады. Паналайды үңгірді, Іздемейді тасаны. Ол не? (Аю) Балалар, бүгін «Шаруа мен аю» орыс халық ертегісімен танысамыз. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі екенін түсіндіру. Балаларға ертегіні толық оқып, мазмұнын түсіндіру. Қызылша жердің астында жатады, жапырақтары жердің бетіне шығады. Ал бидайдың дәні масақта болады. Сабағын жемейді. Бидайдан нан түрлері дайындалады.</p> <p>Сөздік жұмыс: <i>Шаруа</i> – жерді баптап, күтіп, егін өсіретін</p>	<p>Мақсаты: - балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, тостаған туралы білімдерін бекіту</p> <p>-тостағанды мүсіндеу әдіс-тәсілдерін үйрету</p> <p>-- ұсақ қол қимылдарын дамыта отырып, қию, жапсыру дағдыларын қалыптастыру</p> <p>- қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі бағытта: тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеу біліктерін қалыптастыру</p> <p>-Балалар, менің қолымдағы ыдысты қалай атайды? Менің қолымдағы тостағанның қандай ерекшелігі бар? Сендердің үйлеріңде осындай тостағандар бар ма? Сурет салу кезінде заттың фонына көңіл бөлу керек, себебі заттағы ою-өрнектің реңкі әртүрлі болуы мүмкін. Бүгін біз</p>
--	--	--	--	--	---

				еңбекқор адам. <i>Соқа</i> – жер қазатын құрал. <i>Орман маңы</i> – орманға жақын жер.	тостағанды салып, әшекейлеуді үйренеміз. Қағазға бір түсті акварель бояуымен тостағанның суретін саламыз -Салу тәсілдерін көрсету
--	--	--	--	--	--

Үзіліс

<p>Сюжетті-рөлді ойын:« Теңізшілер. Балықшылар. Теңіз астындағы қайық» Мақсаты : Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру, ойын жағдайына кіру, өзіне рөл алып, ойын аяғына дейін рөлге сәйкес әрекет ету біліктерін қалыптастыру. Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Жағдаят: Кеме, теңіз астындағы қайықтың құрылысы. Жүзуге дайындық, маршрутты таңдау, жүзу, рөлдік әрекеттерді орындау, кемеңі жөндеу,</p>	<p>Қимылды ойын: «Машинамен саяхат» Мақсаты: Далада жүру ережелері және жол белгілері бойынша балалардың білімдерін бекіту. Көрнекіліктер: Ойын алаңы, фишкалар. Ойын барысы: Балалар ойын алаңында ойнауда бастап кетті. Жол белгілерінің қасында өтіп бара жатып, тоқтап, әр белгі туралы айтып береді. Кім теңізге бірінші жетеді, сол жеңімпаз.</p>	<p>Сюжетті-рөлді ойын: « Ұшқыштар» Мақсаты: Ойында қоршаған ақиқат өмірдің оқиғаларын көрсету біліктерін қалыптастыру. Балалар арасында бірлесіп ойнау дағдыларын, рөлдерді бөлу туралы келісу біліктерін тәрбиелеу. Сюжетті-рөлдік ойынды жаңа мазмұнмен, жаңа эпизодтармен байыту арқылы жалғастыруға үйрету. Сөздік қорын дамыту, сөз сөйлеу қабілетін байыту. Жағдаят: Ұшар алдында ұшақты тексеру. Ұшақ ұшуда.Санитарлы ұшақ боранда ұшуда. Мұздақтағы балықтарды құтқару. Ұшақ далада жұмыс істеуде. Тәрбиешінің іс-әректі: Диспетчер рөліндегі жерден бақылауды жүргізеді. Ұшақ жағдайларына байланысты бағыт беріп, SOS-дабылы арқылы аэродромдағы жұмысшылардың іс- әрекетін басшылыққа алады. Балалардың іс-әрекетті: Техник ұшақтың моторы тексереді, ұшақтың ұшуға дайындығы жөнінде хабарлайды. Жүргізуші жанармай, тыңайтқыш, азық-түліктер әкеледі. Экипаж командирі экипаж мүшелерінің іс әрекетін бақылап басқарады. Штурман навигациялық</p>	<p>Қимылды ойын: «Автобус жүргізуші» Ойын мақсаты: Балаларды жүргізуші мамандығымен таныстырып, оның пайдасы мен қажеттілігін айқындау, еңбекті сүюге баулу, қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Қажетті атрибуттар: руль, абонементтер, орындықтар, микрофон. Ойын шарты: Бір баланы автобус жүргізуші, екіншісін тексеруші етіп тағайындайды. Қалған балалар жүргіншілер. Егер</p>	<p>Релаксациялық жаттығу:«Теңізге саяхат» Бұл медитативтілік техника денедегі қысымды түсіруге бағытталған, музыкамен орындалады. Жүргізуші:Жайланып отырыңыз, көзіңізді жұмыңыз. Терең демалыңыз, денеңізді бос ұстаныңыз, денеңізді ауырлап бара жатқандай және оны теңіз толқынының лебі ұрып жатқандай сезініңіз. Өзіңізді жартастың үстінде тұрмын деп есептеңіз және алысқа көз жіберіңіз. Сіздің алдыңызда көгілдір теңіз, ашық аспан және күн. Теңіз барқалыпты дем алып, асау толқандары жағаға соғылып, қайтадан кейін қайтуда. Теңіз толқындарының</p>
---	--	--	---	---

сүңгуірлердің жұмысы. Байрақты көтеру. Портқа қайту. Майшабақ табу, аулау, керме ау бұзылды, балық кетіп бара жатыр, кеме тесілді. Жаңа зәкір түсіп, суға батады, теңіздегі өрт, көмек келе жатыр.

Ойын шарты: Кеме жасаушылар кеме құрады, матростар мачтаның үстінде, қараңғыға үңіліп қарайды, алдыға қарайтын матрос көпірдің үстінде тұр, руль басқаратын адам сейнерді жүргізеді, қайықшы керме аудуды дұрыс лақтырғандығын қадағалайды. Боцман матростарға команда береді, олардың жұмыс атқарғанын қадағалайды. Сүңгуірлер теңіз түбін қарайды, зәкірді іздейді, краншылар кемеге жүк тиеді. Механик көмірдің өртенгенін хабарлайды. Дәрігер жүзу кезінде ауырып



жағдайды қарайды катамен жұмыс істейді.

Радист балықшылар диқаншылармен рация арқылы байланысып ауа райын сұрайды. Ұшқыш ұшақты басқарады, жерге тыңайтқыш сеуіп, балықшыларға тамақ лақтырып, дәрігер әкеледі.

Бортжолсерігі жолаушыларды ұшаққа кіргізіп орындарына жайғастырып, белбеулерді іліктіруді, кофе, газет пен журналдар, кітаптар оқуға ұсынып әкеледі.

Ұшқыштарға түскі ас дайындайды.

Дәрігер наукас жолаушыны қарап, оған көмек көрсетеді.

Балықшылар балық аулап, оларды ашық көлге алып кетеді, ұшақты байқап, оларға байрақты көтеріп белгі береді.

Жолаушы билет сатып алады, аялдамада шығып, ұшатын кезде ереже тәртібін сақтайды.



Зымыран







Ғарышкер

ойын бөлмеде өткізілсе, орындықтар екі қатар етіп қойылады. Борменен еденге алдыңғы, артқы есік белгісін, яғни екі параллель сызығын сызады. Аялдамада тосып тұрған жүргіншілер артқы есіктен кіріп, біртіндеп қолдарындағы абонементтерін компостерге тесіп орындарына отырады.

Жүргізуші рөліндегі бала «ал кеттік» деп, аузымен мотордың дүрілін салып жүргізеді. Біраз жүрген соң, келесі аялдамаларды «дүкен, дәріхана, парк» деп микрофонмен хабарлағанда, әр аялдамада 4-5 баладан түсіп отырады. Тексеруші рөлін алғашқы кезде тәрбиеші өзі атқарады. Балалар автобустан түскенде қолдарындағы

шуын естіп, толқындарға қызыға қарап, жағалаудағы теңіздің тұзды ауасын жұтып тұрсыз. Өз бойыңыздағы асқан ауыртпалықтан бір сәтке болса да арылғандайсыз. Сіздің рухыңыз жайлылық сезіміне толы. Сіз төменге түсіп, аяғыңызды шештіңіз, жалаң аяқ құмның қызуы мен жұмсақтығын сезіне отырып жүгірудесіз. Міне сіз судың жанына келдіңіз, толқындар сіздің аяғыңызды жуып жатыр, су жып-жылы әрі жұп-жұмсақ. Сіз қолдарыңызды бос тастап, басыңызды шалқайттыңыз. Күн сәулесі мен жеңіл самал жел сіздің бетіңізді өбуде, теңіз толқындарының тамшылары сіздің денеңізді баурап алғандай. Ерніңізде теңіздің тұзды суының кермек дәмі және бақыт күлкісі. Сіз өзіңізді кішкентай бала сияқты сезініп, жүргіңіз, секіргіңіз, су шашып ойнағыңыз, күлгіңіз келеді. Өзіңізге осы бірнеше минут ішінде не

<p>қалған жолаушыларды емдейді. Балықшылар: торды айналдырады, теңізге тастайды, балық ұстайды, түрі мен сорты бойынша жәшіктерге салады. Механик машиналардың жұмысын тексереді, Жолаушылар билеттерді сатып алып, кемеге отырады, қоғамдық көліктегі жүріс-тұрыстың ережелерін сақтайды; Аспазшы жолаушыларға ас дайындайды.</p> 			<p>абонементтерін жинап алады. Автобустан түскен балалар «дүкен», т.б. орындарға кіріп, оны-мұны сатып алып, тағы да аялдамаға келіп тосады. Ойынды осылайша қайта жалғастыруға болады.</p>  	<p>істегіңіз келсе, соны істеуге рұқсат етіңіз. Сіздің қайтатын уақытыңыз болды. Міне сіз тағы да жардың басында тұрсыз. Сіздің демалыс пен бақыт сыйлаған ғажайып әлемге алғысыңызды айтыңыз. Көздеріңізді асықпай ашыңыз! - Қандай сезімде болдыңыз? - Не сезіндіңіз? Оқушылардың алған әсерлері сұралады.</p> 
---	--	--	---	--

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз күшті және ержүректіміз»</p>	<p>Музыка Тақырыбы: «Нота үйренейік» Мақсаты: Музыка сипатына сәйкес ойын</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Мен ойнағанды жақсы көремін»</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Керуен» Мақсаты: -«Өкшемен отырып» бастапқы</p>	<p>Музыка Тақырыбы: «Көңілді ырғақтар» Мақсаты: Музыка сипатын ырғақты</p>
--	---	--	---	---	---

	<p>Мақсаты: таяқты дұрыс ұстау керектігін, допты саусақтарымен күшке салмай төменнен жоғарыға қарай қалай итеру керектігін, кегельдердің оң және сол жағынан қалай айналып өту керектігін үйрету</p> <p>Тепе-теңдікке арналған тапсырманы орындайды: гимнастикалық орындық үстінде доп ұстап жүру: Нұсқау: тізені жоғары көтеріп, іші толтырылған доптарды аттап өту. Екі тізбекке тұрады. Бастарын түсірмей, дене бітімдерін түзу ұстап жүреді. Орындықтан түсерде, алдымен жерді аяғының ұшымен басып, сонан соң бүкіл табанын жерге қояды.</p> <p><u>Қауіпсіздік техникасы</u> қажет кезде көмек беру, толтырылған доптарды балалардан бір адым қарақашықтыққа қою.</p>	<p>әрекеттерін орындау. Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру</p> <p>Музыка тыңдау: «Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай).</p> <p>Ән айту: «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Білімнің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов)</p> <p>Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені)</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Сиқырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан)</p>	<p>Мақсаты: Допты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету</p> <p>Допты бір-біріне екі қолмен бастарынан асыра лақтыру. Екі тізбекке, сапқа бөлініп тұрады (арақашытығы – 2 метр) (10 рет). Допты тура қолға лақтырып беруге тырысады. Лақтыру бағытын бұзбауға тырысады. Допты ширақ лақтырады.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жүгіру» (3 рет). Шеңберге тұрып, балалардың ішінен санамақ арқылы қуалайтын баланы таңдайды. Белгі бойынша орындықтың үстіне қашып шығады. Бір орыннан екінші орынға қашып жүреді. Сайланған бала оларды ұстауға тырысады</p>	<p>қалпымен көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын, асық ойнау шеберліктерін арттыру</p> <p>«Секір-секір» (татар халқының ойыны) (4 рет) Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Шеңберді айналдыра құрсауларды тастайды. Балалар осы құрсау ішінде тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Секір-секір!» дегенде, ойыншылар секіріп, орындарын ауыстырады. Осы кезде жүргізуші бір аяғымен секіріп, бос орынға тұрып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Бірде-бір рет жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орамалды шығар» (Дағыстан халқының ойыны)</p>	<p>жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру</p> <p>Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев), «Полька» (М. Красев), «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев)</p> <p>Ән айту: «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен)</p> <p>Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені)</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Ән салған кім?» (А. Райымқұлова)</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тым-тырақай» (3 рет). Ойыншылар бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер бойында тұрады. Ортада ұстаушы-жүргізуші тұрады. балалар төмендегі сөздерді айтып, шеңбер бойымен жүреді: «Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш – деп санандар. Бір, екі, үш – ал тараңдар!» Осыдан кейін зал ішіне тым-тырақай қашады. Ұстаушы балаларды қуып, ұстауға тырысады</p>			<p>Ойыншылар екі топқа бөлініп, бір-бірлеріне қарама-қарсы тұрады. Араларына сызық сызылады. Әр баланың артында – белдіктерінде орамал тығулы тұрады. Балалар алдыға жылжиды. Жүргізуші: «От!» дегенде, бірінші топтың балалары қашады, екінші топтың балалары оларды қуып, орамалдарын шығарып алуға тырысады. Келесі жолы екінші топ балалары оларды қуады.</p>	
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
	Қоқыстарды жинау	Ағаштарды жинақтау	Сары жапырақтарды жинау	Құстарға жем шашу	Киімдерді жинақтау
	Мақсаты:-балаларды еңбекке баулу, ересектердің еңбегін бағалау				

	«Айгөлек»	«Жарғанат»	«Тез жет»	«Кім заттарды көп жинайды?»	«Құрлар»
	Мақсаты: -балаларды ойын ережесін дұрыс орындауға үйреті, ептілікке ,шапшаңдыққа тәрбиелеу				
Балаларды үйге қайтару	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>